

«Мөлдір» бөбекжай – бақшасы МКҚК

Бекітемін:

Меңгеруші: К.С.Калиева



Тексерілді:

Әдіскер: К.С.Калиева

**«Айгөлек» тобының 2021-2022 оқу жылына
арналған ата – аналармен жүргізілетін жылдық
жұмыс жоспары**

Тәрбиешілер: Г.С.Жубаниязова

А.М.Кәрібаева

«Айгөлек» тобының ата – аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары

Айы	Жұмыс түрі	Мақсаты
Қыркүйек	Топтық ата – аналар жиналысы. «Ата – ананы қобалжытатын тақырыптары бойынша әңгіме»	Ағымдағы оқу жылына ата – анамен бірлесе отыра дайындалу. 3 және 5 жастағы балалардың тәрбиесі жөніндегі сұрақтар бойынша ата – аналарға көмек көрсету.
Қазан	«Қарты бар үйдің, қазынасы бар!» атты сурет көрме.	Бала мен ата – аналар арасындағы үлкенді құрметтеу тәрбиесіндегі үлгіні суреттеп, сурет көрмесін ұйымдастыру. Өздерінің ата – әжелерінің ата – аналарымен бірге отырып суретін салу.
Қараша	«Тәрбие отбасынан басталады». Құстарға ұя жасау.	Ата – аналар арасында балаларды экологиялық тәрбиеге жүктеу, бірігіп жұмыс атқару. Балаларды құстарды қастерлей білуге тәрбиелеу.
Желтоқсан	«Балалардың тілдерін қалай дамытамыз?» Баяндама.	Қазақ тілінде жетік сөйлей білуге, өз ойын ашық жеткізе білуге тәрбиелеу
Қаңтар	Қайырымды істер «Қыстап қалатын құстарға жем беру!»	Қайырымды іс жасауға, табиғатты аялауға, құстарға мейіріммен қарауға, үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.
Ақпан	Бейне құттықтау «Әке асқар тау!»	Мерекеге қарсы ата – ансымен, жақын туыстарын қуанту.

Наурыз	Көктем мерекесін қарсы алайық. «Аяулы анашым!»	Балалар өз қолдарынан жасаған бұйымдарын аналарына тарту етеді.
Сәуір	Ата – аналар жиналысы «4-5 жастағы баланың оқу мен тәрбиелеудегі дамуы»	Оқу жылының аяқталуына ақпарат беру.
Мамыр	Жеңіс күніне көрме ұйымдастыру	Ата – аналарды жеңіс мерекесіне арналған кештерде өз көмектерін тигізе білуге бейімдеу.

«Мәлдір» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

Анықтама


Жұмыс түрі: Ата – аналарға арналған

Күні: 15.09.2021ж.

Қатысушылар: Ата – аналар, тәрбиешілер.

Тақырыбы: топтық ата – аналар жиналысы. «Ата – ананы қобалжытатын тақырыптары бойынша әңгіме».

Мақсаты: ағымдағы оқу жылына ата – анамен бірлесе отырып дайындалу. 3-5 жастағы балалардың тәрбиесі жөніндегі сұрақтар бойынша ата – аналарға көмек көрсету.



«Мәдiр» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

Анықтама

Жұмыс түрі: Ата – аналарға арналған

Күні: 01.10.2021ж.

Қатысушылар: Ата – аналар, балалар, тәрбиешілер.

Тақырыбы: «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» атты сурет көрме.

Мақсаты: бала мен ата – аналар арасындағы үлкенді құрметтеу тәрбиесіндегі үлгіні суреттеп, отбасымен суретке түсіп, сурет көрмесін ұйымдастыру.



«Мектеп» балалықойы – бақталасы» МКҚК

Бекітіледі
Меншікшісі А.А. Қарғалин
13.12.2021



Тексерілді
Директор А.А. Қарғалин

Балаларға:

«Балалардың тілдерін қалай дамытамыз?»

Тәрбиелен
Гүлжадыр Сағатдеева
Шығар Тегінбаева

2021-2022 а.ж.

Балалар тілін қалай дамытамыз?

Баланың ақыл-ойы мен тілінің жетілуі үшін зор мәні бар сенсорлық қасиеттері тез даму үстінде болады. Іс-әрекет жасау процесінде қоршаған орта әсерін қабылдау қабілеті жетіледі. Бала заттардың белгілері бойынша – түсіне, формасына, көлеміне қарай оларды ажырата білетін болады: салыстырып, ұқсастықтарын аңғарып түсіне бастайды. Алдымен үлгі бойынша содан кейін ересектердің сөзі бойынша ұғып ол 2-3 түрлі түсті шариктің ішінен қажетті түсі бар шарикті немесе үлкендігі әртүрлі 2-3 қуыршақтың ішінен ең кішкенесін тандап ала алады. Іс-әрекет процесінде балалардың әр нәрсені әр сөзді жадына сақтау қабілеті де дамиды. Олар заттарды танып қана қоймайды, сонымен бірге дәл сол мезетте жоқ заттар мен құбылыстарды әсіресе бұрын өздерін қатты қызықтырған немесе қатты әсер еткен нәрселерді еске алады. Бұл еске алуларға алдымен әлде қандай көрнекті жағдайлар себеп болады. Мысалы, үйге кірген дәрігерді көріп, бала кеше анализ үшін қан алған саусағын көрсетіп былдырлайды немесе тұтқасы сынған чашканы көрсетіп; «Папа ұрған немесе сындырған» деп былдырлайды. Баланың сөйлеу қабілетінің 2 жылында дамуы екі кезеңге бөлінеді: біріншісі — 1 жастан 1 жас 5-6 айға дейін, бұл кезеңде негізінен тілді түсіну қабілеті дамиды, екіншісі – 1 жас 5-6 айдан 2 жасқа дейін, бұл сөз қорының тез молайып, активті тілді пайдалану кезеңі. Егер өзін қоршаған үлкендер маңайдағы заттарды нұсқап, атын атаса немесе бала қадағалап тұрған өз қимылдарын, не болмаса баланың өзінің әрекеттерін сөзбен бейнелесе, 1 жас 1 ай – 1 жас 2 айдан бастап бала сөздің затпен байланысын тез аңғаратын болады, былайша айтқанда, заттар мен әрекеттердің қалай аталатынын түсіне бастайды. Бала бүтін бір сөйлемдердің мағынасын түсінеді. Мысалы: «Қазір тамақтанған соң қыдыруға шығамыз» дегенді естіп, 1 жасар бала пальтосын нұсқайды. Сөйлеу қабілетінің дамуы одан да әрі жалғасады. Дұрыс тәрбиеленсе, балалар бұл жасында көп былдырлайды. Олардың былдырында әр түрлі дыбыстар мен сол дыбыстардың тіркесі көбейе түседі. Бала былдыры сезімге толы, бейнелі болады және әр қимылмен қатар істеліп отырады. Бала таныс дыбыстарға ғана емес, сонымен бірге жаңадан естілген қарапайым дыбыс тіркестеріне де оңай еліктейді. 1 жас 5-6 айға таяғанда ол шамамен 30-40 сөзді айта алады. Бірақ тіпті таныс сөздерін ол әлі сирек қолданады, негізінен өте ықыласқанда айтады. Мысалы: кішкене қызды көріп «Юба» дейді онысы «люба» дегені. Үлкендерге бір нәрсе айтқысы келгенде бала сөздердің орнына бейнелі қимылдарды, ымды, дыбыстарды жиі қолданады. Оның бір сөзі көбінесе бүкіл бір сөйлемнің мағынасын білдіреді. Мысалы: «Мә» дейді бұл сөзі «Мені көтер» (мұндайда ол үлкен кісіге жанындаы ересек адамға талпынады, қолын көтеріп созылады) дегенді, кейде «орындыққа отырғыз» (мұндайда қолымен орындықты қағады немесе орындыққа көрсетеді) дегенді аңғартады. Жаңадан үйренген сөздерін бала негізінен жақын адамдардың жанында және жақсы таныс жағдайда айтады; үйренбеген жағдайларында ол, әдетте, үндемейді. Баланың сөздері әлі дұрыс айтылмайды, бөгде адамдарға оны түсіну қиын; ол сөздер не қысқартылып айтылады (сөздің басы немесе соңы),

немесе өте бір ерекке дыбыстар тіркесі болып келеді. Дұрыс тәрбиеленген жағдайда 2 жылдың екінші жартысында бала тілінің дамуында секіріс болады: 1 жас 3-6 айдан асқан соң сөздік қоры тез молая бастайды, сөйтіп, 2 жасқа толғанда бөбек 300 ге жуық сөзді қолданатын болады. 2 жылдың бірінші жартысының аяғында баланың сөздік қорына заттар мен әрекеттердің ғана емес, сонымен қатар, олардың сапаларының атаулары да кіреді, бала тілінде грамматикалық формалар пайда болады. Ол екі сөзден тұратын сөйлемдер арқылы: «Тәте ки» (киіндір), одан соң өсе келе 3-4 сөзден тұратын сөйлемдермен: «Таня нәм-нәм» (Таня тамақ ішеді) тілдесе бастайды. 2 жасқа таяғанда тіл балалардың үлкендермен сөйлескенде тілді өздерінің тілектерін білдіретін, әсерлерін жеткізетін құрал ретінде пайдаланады. Ересек адамның сөзі тәрбие құралына айналады. Оның өз сөзі баланың тәрбиесін өзгертіп, әрекетіне бағыт бере алады. Тілдің жетілуімен бірге балалардың ойлау, қоршаған ортаны бағдарлау қабілеті дамиды. Әсер дүниесінің байып, жеке заттар жайындағы нақты ұғымдарының молаюына және тілдік қабілетінің дамуына қарай өмірінің бірінші жылының соңында ақ бала алғашқы қорытандыларын жасайды. Алдымен олар заттар мен құбылыстардың сыртқы белгілеріне негізделеді. Мысалы: «алма» деген сөзді үйренген соң балалар допты да, шарды да осылай атайтын жағдай жиі кездеседі. өздерінің іс-әрекеттері барысында және үлкендердің ұғымдарының ықпалымен қорытындылау қабілеті біртіндеп жетіле түседі: Көптеген іс-әрекеттерінің атаулары да жалпыландырылады.

Кенейіп келе жатқан тәжірибе негізінде балалар құбылыстарды салыстырып, айырып, олардың арасындағы байланыстарды. 2 жасында балалар ойынының сипаты едеуір өзгереді. Бұл жылдың алғашқы айларында балалар ойын үстінде көбінесе бұрын үйренген әрекеттерін қайталамайды. Олар қуыршақтарын «тамақтандырады», «тербетеді», олармен «билейді», анасынан және де басқа ересектердің өзінің қарым қатынасын қуыршақтармен қайталайды. Оларға «ән айтып береді», «ұйықтатады», «еркелетеді» және т.б. біртіндеп олар бұл істерін басқа да заттарға да жасай бастайды. Қуыршақтарды ғана емес ойыншық иттерімен тағы да басқа ойыншықтарына соны жасайды. Осы жасында балалар жаңа әрекеттер көмегімен өз айналасында көргендерін бейнелей алады. Балалар газет оқып, шашын тарап, сәнденуді т.с.с шығарады. Алдымен мұндай әрекеттер түрі өте аз болады, алайда балалар бірте-бірте маңайындағылардың сирек жасайтын сан алуан әрекеттерін өз ойындарында алдымен жеке жеке бейнелей бастайды., одан соң өзара байланысты бірнеше іс-әрекеттен тұратын мазмұнда пайда болады – сюжетті ойын дамиды.

3 жас бойына балалардың мінез-құлқының күрделенуі ең алдымен баланың ақыл-ойын одан әрі дамытуға жәрдемдесетін тілді дамытумен байланысты. 3 жасқа қарағанда:

1) айналадағылардың сөзін одан әрі түсінуді – келер шақты, өткен шақты түсіне білуді, сөздің мағынасын көріп тұрған жағдайда ғана емес, сондай-ақ одан да тыс түсіне білуді қамтамасыз ету;

2) балалардың актив сөзін жетілдіру – сөздікті байыту, барлық сөз таптарын пайдалана отырып, сөйлем құрып сөйлеуді үйрету, сөздің грамматикалық құрылысын жетілдіру, оның дұрыс айтылуын және эмоциялық әсерлілігін жақсарту;

3) сөзді пайдалануды кеңейту — өз әсерлерін сөзбен бере білу, оларға сұрақтар қойып, жауап бере білу, үлкендермен балалармен белсенді тілдік қарым-қатынас жасау себептерін ұлғайту;

4) айналадағыға қарап бағдарлауды ұлғайту;

5) қарым-қатынасқа қабілеттілікті дамыту, балаларда табиғат құбылыстары туралы, хайуанаттар өмірі, қоғамдық өмірдің балалар түсінігіне жеңіл құбылыстар туралы ересектердің еңбек, уақыт, сан, кеңістік қатынастарды, заттардың атқарар қызметі және т.б. туралы аса қарапайым түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру;

6) сөзді қабылдауды және құлақ қойып тындауды – үлкендердің айтқанын жақсы тыңдай білуді, шағын әңгіме, өлең тындауды жақсарту;

7) мәдени тілдің дағдыларына – ақырын, асықпай, оның үстіне қолдарды ербеңдетпей және т.б. сөйлеуге тәрбиелеу.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін ең алдымен өмірдің табиғи жағдайлары және ойын, серуен, тамақтану, ұйықтауға жатқызу кезіндегі балалармен өзара қарым-қатынастар пайдаланылады. Балалардың сезімдік тәжірибелерін қабылдауға жеңіл әсерлермен және оларды дербес іс-әрекетте дұрыс ұйымдастыра білумен байытып отыру қажет. Балалармен қандай да бір құбылысты немесе үлкендердің іс-әрекетін серуендеу кезінде, үйде бақылай отырып, картинаны қарап, оларға әлденені көрсете, олардың ойындары жөнінде сөйлесе отырып, жекелеген заттар мен іс-әрекеттерді атап қана қоймай, сонымен бірге оларды түсіндіру, жекелеген фактілер арасындағы байланысты анықтап, заттардың қасиеті мен атқаратын қызметтерін белгілеу қажет. Тікелей қабылданған нәрсені баланың бұрынғы тәжірибесімен байланыстыру қажет. Қандай да бір әрекетке кіріспестен бұрын балалардың не істейтінін, қайда баратындарын және т.б. айтқан жөн. Балалармен сан алуан сылтаулармен үлкендерге қарым-қатынас жасау қажеттілігін қалыптастырады, мұның өзі бұл қарым-қатынастың сипатын сан алуан етіп қана қоймайды, сонымен бірге оның дамуына жәрдемдеседі. Бала әрбір сөйлеген кезде қолдап отыру қажет, оған қысқа жауап бере салмай, мүмкіндігінше әңгімеге айналдыру, жай: «Жарайсың, жақсы салыпсың» деп айта салмай, онымен әңгімелесу өте маңызды.

Негізінен 3 жаста да балалармен олардың сезімдік жағынан нені қабылдайтыны, яғни олардың нені көретіні, картинкада немесе ойыншықтар арқылы не көрсетуге болатыны туралы айтып отыру керек.

«Мөлдір» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

Анықтама

Жұмыс түрі: Ата – аналарға арналған

Күні: 23.11.2021ж.

Қатысушылар: Ата – аналар, тәрбиешілер.

Тақырыбы: «Тәрбие отбасынан басталады» . Құстарға ұя жасау.

Мақсаты: ата – аналар арасында балаларды экологиялық тәрбиеге жүктеу, бірігіп жұмыс атқару. Балаларды құстарды кәстерлей білуге тәрбиелеу.



«Молдор» бөбөкжайы – бакшасы» МКЖК

Аныктамa

Жумыс түрi: Ата – аналарга арналган

Күнi: 28.02.2021ж.

Катысушылар: Ата – аналар, балалар, тәрбиешилер.

Такырыбы: Бейнекүтүктөгү «Өкө аскар тау!»

Максаты: мерекеге карсы ата – анысымен, жакын туыстарын куанту.



«Милдір» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

Атықтам

Жұмыс түрі: Ата – аналарға арналған

Күні: 10.01.2022ж.

Қатысушылар: Ата – аналар, балалар, тәрбиешілер.

Тақырыбы: Қайырымды істер «Қыстап қалатын құстарға жем беру!»

Мақсаты: қайырымды іс жасауға, табиғатты аялауға, құстарға мейіріммен қарауға, ұлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.



МККЖ «Малдір» бөбекжай – бакшасы»

Тексерілді
Әдіскер: К.С.Калнева
07.03.2023ж.



Бекітемін: 
Менгеруші м.у.а.: К.С.Калнева

Ертенгілік:

«Аяулы Анашым!»

Тәрбиеші: Ж.Г.Саматқызы
Ж.Ш.Тәттіғалиқызы

Тақырыбы: «Аяулы Анашым!»

Мақсаты: 8 наурыз аналар мерекесін кеңінен насихаттау.

Көрнекілігі: түрлі түсті шарлар, мерекеге сай залды безендіру.

Оту барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Құттықтау сөзі

Жүргізуші:

1. Шуақты көктем келді гүлін алып
Көктемнің мерекесі бүгін анық,
Өмірдің көктемі де, гүлі – Аналар
Ана деп бас иеді күллі халық,
Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар
Аналардан туган небір даналар.
Ана деген тіршіліктің тірегі,
Армысыздар, қасиетті аналар!

1. Қош, келдіңіздер! Аяулы аналар, қызғалдақ қыздар, қадірлі ұстаздар!
Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, 8 – наурыз
Халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Көктемнің шуақты күндерімен
қатар келіп жатқан төл мерекелеріңіз құтты болсын! Осынау көркем
мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға ыстық сезім,
алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры,
әр отбасының алтын діңгегі. Осы мерекеге орай өткізіліп отырған «Аяулы
Анашым» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

2. Көңілің Алатаудың ақ қарындай,
Мейірімің күннің шуақ шақтарындай.
Қалайша аяулы ана тына алармын,
Ән болып сағыныштан ақтарылмай,
- деп абзал аналарымыз бен қырмызы қыздарымыздың құрметіне
ұлдарымыздың биін қабыл алыңыздар (**Бозжорға биі**).

1. Енді алдарыңызда балаларыңыздың өнерлерін қабыл алыңыздар.

Тақпақтар:

1. Көктемде тіршілік атауы ұйқысынан оянады, құстар жылы жақтардан
қайта оралады. Көктемде күн ұзарып, ауа райының жылуынан қар еріп, тоң
жібиді, жауын - шашын мол жауады, соның салдарынан көбінесе су тасиды.
Көктемде жалпы тіршілік иелерінің жандануы, тірілуі басталады, жәндіктер
мен хайуанаттар қысқы ұйқысынан оянып, тіршілігін бастайды, мал төлдеп,
жыл құстары оралады, жер бетіне көк шығады, жеміс ағаштары бүршік атып
гүлдейді. Жер жырту, ағаш отырғызу, егін егу, т. б. ауыл шаруашылығы
жұмыстары жүргізіледі. Әр көктем ерекше, бір керемет, сыры бітпес бір
тылсым.

2. Ал қазір ата – аналармен ойын ойнаймыз (ойын)

Ойынның 2 шарты бар, олар:

1. Ата - аналардың сипап сезу мүшелеріне сүйеніп, өз балаларын тауып алысын. Яғни қазір ортаға ойынға қатысамын деген 5 ата-ана шықсын.

Қатысушыларды марапаттау.

1. Аналар ақ тілекті, сөз көп дейін,
Жылытар жүрегінді көз көп дейін
Аналар ақ жаудықты бұл сіздерге
Қол соғып қарсы алайық «Қазақ биін».

Ортада қазақ биімен _____ қыздарыңызды қабыл алыңыздар.


Ал енді балаларымыздың дайындаған шағын сыйлықтарын қабыл алыңыздар.

(Қолдарынан жасаған сыйлықтарын аналарына тартуы)

2. Ана дейміз бәріміз де аңқылдап,
Ана дейді жас сәби де жарқылдап.
Ана деген – бәйтерегі өмірдің,
Ана деген – алтын қазық, алтын бак.

1. Аналар, қалқып бақыт аралында,
Лайым мұң қонбасыншы жанарыңа
Осыменен ертеңгілігімізді аяқтайық

Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа – дей отырып бүгінгі аналар күніне арналған «Аяулы Анашым!» атты ертеңгілігімізді «Ана» **әнімен** аяқтайымыз.
Ардақты аналар мейрамдарыңыз құтты болсын!



Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Сағат ауылы

06.04.2022ж

Күн тәртібінде:

1. Тәрбиеленушілер туралы мәлімет. Тәрбиеленушілердің жасалған жұмыстары жөнінде ақпарат
(Тәрбиешілер)
2. Мектепке кететін балалардың мектепке дайындық деңгейін зерттеу жұмыстарының нәтижесі (Әдіскер, психолог)
2. Баланы жарақаттан қалай қорғауға болады? (Медбике)
3. Кіші жастағы балаларға сурет салудың маңызы (М.Максимова)
4. Дұрыс тамақтанудың ережелері (Медбике)
5. «Психолог кеңес береді» айдары (Б.Смагулова)
6. Тағы басқа мәселелер

Тыңдалды:

Жиналыстың күн тәртібі ата-аналарға таныстырылды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша психолог тренинг ұйымдастырды.

Шығып сөйлеушілер:

Айгөлек тобы тәрбиешілері ата – аналарға күн тәртібі мен ҰОҚ кестесі және де бес сала бойынша балаларға жұмыстар жүргізілетіні туралы түсіндірді. Баланың ішке ауыстырып киетін киімдерін ескертті, ай сайынға ата – анасының тамақ жарнасына төленетін сумманы әр айдың соңында келесі айға төлеп болулары туралы айтты. Топ тазалығына тәрбиеші көмекшісі міндетті екенін және де топ іші екі сағат сайын желдетіліп, санитарлық тазалық шаралары жүргізілетіні туралы ата – аналарға жеткізді.

Мекеме әдіскері К.С.Калиева мектепке кететін балалардан бір жылдық білімдерін тексеру мақсатында тәрбиеленушілерден тест алынғанын және қай бала қандай деңгейде қойылған сұрақтарға жауап бергенін жеке – жеке ата – аналарын баласының үлгерімі туралы мәліметтерді айтып берді.

Ата – ана Қарлығашова Галина, менің балам Айтқали Ақарыс жасы 4 те осы жылдың желтоқсан айында 5 жасқа толады, мектеп алды даярлық тобына баруына жасы келмейтін сияқты, бірақта бойы өсіп жатырғандықтан

жарын катарластарының ішіндегі ең үлкені болып тұра ма деп те ойлаймын, үлгеріміне қарап ойланамын.

Психолог Б.Смагулованың кеңесін ата – аналар тыңдады.

Тағы басқа мәселер бойынша: мекеме меңгерушісі К.С.Калиева ата – аналарға МАД (мектеп алды даярлық) тобының қазіргі Саға ЖББОМнен балабақша қабырғасына ауыстыру туралы ұсыныс білдірді, бұрын ауылда балабақша болмаған уақытта мектеп қабырғасынан ашылғандығын, қазіргі таңда ауылда екі қабатты зәулім балабақша тұрғаны және де осы МАД тобының жұмысы жайлы 412 бұйрыққа сәйкес жұмыс жасау керектігін балабақшаның басқа топтарынан сабақ мәселелерінен айырмашылығы жоқ екендігі анық түсіндірілді. Яғни, алдағы уақытта МАД тобы балабақшада болса деген ұсынысқа ата – аналар пікір білдірді.

Мен, Ернұрдың анасы Кенжегүл демек балалар садикке келеді, ұйықтап, ай сайынғы тамақ жарнасын төлейтін боламыз ба? Барлық ата – аналар келіссе көппенен бірге боламын.

Мен, Ақарыстың анасы Галина негізі мектепке барғанын мен де қалаймын, қабырға баланы тәрбиелейді демекші, бірмезгіл, жарты күнге болса да балам сумкасын асынып партаға отырып өзін оқушы сезінгенін қалаймын. Менің ойымша мектеп қабырғасында қалғаны дұрыс секілді, көптің шешімімен келісемін.

Қаулы:

- 1 – мәселе бойынша. Тамақ жарнасы кешіктірілмей төленсін.
- 2 – мәселе бойынша. Ересек топ тәрбиеленушілерімен оқу жылы соңына дейін жұмыс толықтырылсын.
- 6 – мәселе бойынша. Ата – аналарға МАД тобын балабақша ғимаратына ауыстыру туралы ескертілді.

Төраға:

Хатшы:

К.С.Калиева

М.О.Максимова

«Мөлдір» бөбекжай – бақпасы» МККК

Анықтама


Жұмыс түрі: Ата – аналарға арналған

Күні: 06.05.2022ж.

Қатысушылар: Ата – аналар, балалар, тәрбиешілер.

Тақырыбы: Жеңіс күніне көрме ұйымдастыру

Мақсаты: ата – аналарды Жеңіс мерекесіне арналған кештерде өз көмектерін тигізе білуге бейімдеу.



«Мәлдір» бөбекжай – бақшасы» МҚКК

Анықтама

Жұмыс түрі: Ата – аналарға арналған

Күні: 15.04.2021ж.

Қатысушылар: Ата – аналар, тәрбиешілер.

Тақырыбы: Ата – аналар жиналысы. «4-5 жастағы баланың оқу мен тәрбиелеудегі дамуы»

Мақсаты: оқу жылының аяқталуына ақпарат беру



Сауалнама

«Сіз қандай ата-анасыз?»

1. Кез-келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласызба? *Иә*
2. Балаңыздың жасына қарамай онымен ақылдаса аласызба? *Иә*
3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателігіңізді мойындайсызба? *Иә*
4. Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба? *Иә*
5. Балаңыздың ісі ашуландыратын кезде өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласызба? *Иә*
6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласызба? *Иә*
7. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге бола ма? *Иә*
8. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасызба? *Иә*
9. Балаңыздың жүрегін жаракаттайтын сөздерді атамауға тырысасызба? *Иә*
10. Балаңызға уәде беріп, уәдеңізді орындайсызба? *Иә*
11. Балаңызға қалаған ісін жасауға бір күндік еркіндік бересізбе? *Иә*
12. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжетсе көңіл аудармайсызба? *Иә*
13. Балаңыздың көз жасы, дөрекі еркелеуі уақытша екенін білесіз, соған қарсы тұра аласызба? *Иә*

(ұпай қою арқылы белгілеңіз)

1. Әрқашан жасаймын келісемін 3 ұпай
2. Кейде ғана келісемін 2 ұпай
3. Келіспеймін 1 ұпай

39 ұпай